



ҚОЛДАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ МҰЗДАТҚЫШ БӨЛІМІ БАР ТОҢАЗЫТҚЫШ

Тоңазытқышты қоспас бұрын нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны қолжетімді жерге қойыңыз.

GA**379S***
GA**389S***
GA**409S***
GA**419S***



AFN36881819

Тіркеу

Тоңазытқыштың үлгісі мен сериялық нөмірі оның сыртқы бүйір жағында көрсетіледі. Бұл әр тоңазытқышқа арналған бірегей нөмір болғандықтан, басқа тоңазытқыштарда қайталанбайды. Төменде көрсетілген кестені толтырып, нұсқаулықты сатып алынғандығы туралы дәлел ретінде сақтап қойыңыз.

Сатып алынған күн	:	_____
Дүкен аты	:	_____
Дүкеннің мекенжайы	:	_____
Дүкеннің телефоны	:	_____
Нөмірі	:	_____
Сериялық нөмірі	:	_____

МАЗМҰНЫ

4 КІРІСПЕ

- 4 Техникалық сипаттамалар кестесі
- 5 Қауіпсіздік талаптары
- 9 Тоңазытқыштың негізгі бөліктері

10 ОРНАТУ

- 10 Климаттық класс
- 10 Орнату
- 10 Қосу

11 ПАЙДАЛАНУ

- 11 Басқару панелі
- 12 - Температураны реттеу
- 12 - Жылдам мұздату
- 12 - «ЭКО-РЕЖИМ»
- 13 - Толық жабылмаған есік туралы ескерту сигналы «ДЫБ. СИГНАЛ»
- 13 - Бұғат
- 13 - Өзін-өзі тексеру
- 14 Алынбалы әйнек сөрелі шығару және орнату
- 14 Қоймалық әйнек сөре
- 15 Тоңазытқыш бөлімнің жылжымалы жәшігін шығару және орнату
- 15 Мұздатқыш бөлімнің жылжымалы жәшігін шығару және орнату
- 16 Мұз дайындау

16 АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ САҚТАУҒА ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСТАР

- 16 Азық-түлікті сақтау

17 КҮТІМІ МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛУІ

- 17 Тазалау
- 17 Жалпы мәліметтер
- 17 Тоңазытқыш жұмысының ерекшеліктері
- 18 Есіктерді қайта ілу

20 АҚАУЛЫҚТАРДЫ ТАБУ ЖӘНЕ ЖОЮ

- 20 Smart Diagnosis (мобильдік тексеру)
- 21 Ақаулықтарды табу және жою
- 22 Кепілдік шарттары

22 КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

- 22 Ескі тоңазытқышты кәдеге жарату

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫНЫҢ КЕСТЕСІ:

Сипаттама	Үлгі	GA**379S*QA GA**379S*CA GA**379S*RA GA**379S*DA	GA**389S**L GA**379S**L	GA**389S*QZ GA**389S*CZ GA**389S*RZ	GA**409S*QA GA**409S*CA GA**409S*RA GA**409S*DA	GA**419S*QZ GA**419S*CZ GA**419S*RZ	GA**419S**L GA**409S**L
	Кесімді кернеу (В~Гц)	220В-240В ~ 50Гц					
	Климаттық класс	SN	SN-ST	SN	SN	SN-ST	SN-ST
	Қолданылатын қуат (Вт):						
	- мұздату кезінде	170					
Сыйымдылық (л), Нetto/Брутто:	- ысығатын элемент	170					
	- шамдар, максималды	-					
	- мұздатықш бөлім (л), Нetto/Брутто	271/313					
	- «екі жұлдызша» бөлімі (л)	77/124					
	- тоңазытқыш бөлімі (л), Нetto/Брутто	10					
Хладагент/Салмақ (г)	- тоңазытқыш бөлімі (л), Нetto/Брутто	184/189					
	- тоңазытқыш бөлімі (л), Нetto/Брутто	225/230					
	Хладагент/Салмақ (г)	R600a/62г	R600a/58г	R600a/64г	R600a/62г	R600a/64г	R600a/58г
	Көбіктендіретін агент	циклопентан					
	Сыртқы өлшемдері:						
Мұздатықш камераның класы	- биіктігі (мм), қаптамасыз/қаптамамен	1737/1815					
	- терендігі (мм), қаптамасыз/қаптамамен	643/744					
	- ені (мм), қаптамасыз/қаптамамен	595/655					
	- салмағы (кг), қаптамасыз/қаптамамен	69/75	66/72	72/78	75/81	78/84	70/76
	Мұздатықш камераның класы	No Frost					
Қуатты тұтыну класы ¹	Салқындату жүйесі	No Frost					
	Қуатты тұтыну класы ¹	A	A+	A++	A	A++	A+
	Дыбыстық қуат деңгейі, дБА ²	41					

¹Индустрия және сауда министрлігінің 2010 жылдың 29 сәуіріндегі №357 бұйрығы бойынша өлшеу және есептеу әдісі
²ГОСТ Р 51401-99 бойынша өлшеу және есептеу әдістемесі

!

ЕСКЕРТПЕ

Өндіруші компания кейбір техникалық сипаттамаларды алдын ала ескертусіз өзгертуге құқылы.

ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Тоңазытқышты дұрыс пайдаланбау себебінен туындайтын жарақаттың және мүлік зақымының алдын алу үшін мына қауіпсіздік нұсқауларын орындауыңыз қажет. (Бұл нұсқаулықты оқып шыққаннан кейін, оны қауіпсіз әрі қолжетімді орынға қоюыңыз қажет.) Тоңазытқышты басқа біреуге беретін болсаңыз, нұсқаулықты қосып беруді ұмытпаңыз.

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Бұл белгі өлім жағдайларына немесе жарақат алу жағдайларына әкеліп соғатын қауіпті білдіреді.

! САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Бұл белгі оқыс оқиғаның немесе материалдық зардап шегудің қаупі бар екендігін білдіреді.

Тоңазытқыштың қызметтік мерзімі - тұтынушыға өткізілгеннен бастап 7 жыл. Бұл нұсқаулықта көрсетілген пайдалану ережелерін сақтамаған жағдайда өндіруші жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Тоңазытқышты пайдаланбас бұрын, нұсқаулық бойынша тиісті түрде орнатып, қосу қажет.
- Бұл электрлік құрылғының құрылымын бөлшектеуге, жөндеуге немесе өзгеріс енгізуге тыйым салынады. Ол өрттің шығуы немесе тоңазытқыш ақаулығы сияқты жазатайым оқиғаның себебі болуы мүмкін.
- Тоңазытқышты пайдалану кезінде өрт шығу, электр тогының соғу немесе жарақаттану қаупін азайту үшін, қауіпсіздіктің негізгі сақтық шараларына мойынсұну қажет.


ҚУАТ КӨЗІНЕ ҚОСУ КЕЗІНДЕ:

Жеке розетка пайдаланған дұрыс.
Бірнеше құрылғы үшін бір розетканы қолдану нәтижесінде өрт шығуы мүмкін.



Желілік кабельдің ашасына су тигізбеңіз.

Ашаға су тисе немесе аша зақымдалған жағдайда өрт шығуы немесе электр тогының соғуы мүмкін.



Желілік кабельді ауыстыруға немесе ұзындығын өзгертуге болмайды. Ол желілік кабельді зақымдап, қысқа тұйықталуға себеп болып, өрттің шығуына әкеліп соғуы мүмкін.

Кабель зақымдалған жағдайда, қауіптің алдын алу мақсатында, оны ауыстыру жұмысын өндіруші, қызмет көрсету орталығы немесе соған ұқсас білікті маман орындауы қажет.




Кабельді тартпаңыз немесе ашаны су қолмен ұстамаңыз.

Ол электр тогының соғуына немесе жарақаттануға себеп болады.




Ашаны сүртіп, құрғатыңыз, шаңнан тазалап, абайлап розеткаға тығыңыз.

Шаң, су немесе контактінің әлсіз болуы өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.



Тоңазытқыш жерге тұйықталуы қажет.

Жерге дұрыс тұйықталмаған жағдайда тоңазытқыштың істен шығып қалуына немесе электр тогының соғуына себеп болады.




Желілік кабель немесе аша зақымдалса немесе розетка ұяшығында толық контакт болмаса, тоңазытқышты пайдалануға болмайды.

Ол электр тогының соғуына немесе қысқа тұйықталу пайда болып, өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.



Желілік кабельдің бүгіліп қалуына жол бермеңіз және ауыр заттың астында қысылып қалмауын қадағалаңыз.

Қысылып қалған кабель өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болады.



ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ:

Тоңазытқыштың үстіне ауыр, қауіпті және басқа да заттарды қойыңыз.

Тоңазытқыш есігін ашып, жапқанда ол заттар құлап, жарақат алуға, өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.



Есікке, қалталарға, жәшіктерге немесе сөрелерге ұстанып тұрмаңыз.

Ол тоңазытқыштың құлауына немесе қол жарақатын алуға әкеліп соғуы мүмкін. Әсіресе, балалардың олай істеуіне жол бермеңіз.




Электрлік бөлшектер изоляциясының зақымдалуы қысқа тұйықталуға немесе электр тогының соғуына әкеліп соғуы мүмкін.



Эфир, бензин, спирт, сұйытылған мұнай газдары (пропан-бутан), бүріккіштер немесе косметикалық бұйымдар сияқты жанғыш заттарды тоңазытқыштың жанына немесе ішіне қоймаңыз.

Ол жарылысқа немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.



Жағымсыз иісті жою үшін тоңазытқыштың ішіне жанып тұрған майшамды салмаңыз. Тоңазытқыштың ішін құрғату үшін фен қолданбаңыз.

Ол жарылысқа немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.



Тоңазытқыштың ішіне жануарларды салуға тыйым салынады.



Тоңазытқыштың есігін ашып, жапқанда абай болыңыз, себебі жаныңызда тұрған басқа адамдарды жарақаттауыңыз мүмкін. Есікті ашып, жабу кезінде, қолды немесе аяқты қысып қалуы мүмкін немесе бала есіктің бұрышына соғылып қалуы мүмкін.




Тоңазытқышта ғылыми материалдарды қоймаған дұрыс.

Қатаң түрде температуралық режимді қажет ететін материалдарды сақтау, олардың бұзылуына немесе кенет химиялық реакцияға әкелуі мүмкін.



Тоңазытқыш суға батып кеткен жағдайда, оның ары қарай пайдалануы тек қызмет көрсету орталығының маманы тексергеннен кейін ғана рұқсат етіледі.


Әйтпесе, электр тогының соғу немесе өрт шығу қаупі бар.



Газ шыққан жағдайда, тоңазытқышқа немесе розеткаға тиіспеген дұрыс.

Ғимарат ішін дереу желдетіп, қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.

Тасымалдау, жөндеу немесе пайдалану кезінде қандай да бір зақым газдың шығуына себеп болса, кез келген ұшқын өрттің немесе жарылысқа әкеліп соғуы мүмкін.




Тоңазытқышты көтеру үшін, алдыңғы жағының астында және артқы жағының үстінде орналасқан тұтқаларды пайдаланыңыз.

Әйтпесе, қолыңыз тайып кетіп, жарақат алуыңыз мүмкін.




Тоңазытқышты тасымалдау үшін, оны алдын астынан және артында үстінен орналасқан тұтқалардан ұстаңыз.

Олай болмаған жағдайда, қолдан шығып кетуі, және оның жарақат алуға себеп болуы мүмкін.



Қолыңызды немесе басқа да заттарды желдеткіш саңылауларға, қақпақтың астына, тоңазытқыштың артында орналасқан тесіктерге салмаңыз.


Ол электр тогының соғуына немесе жарақаттануға себеп болады.



Тоңазытқыштан бір түрлі иіс немесе түтін шыққанын байқасаңыз, желілік кабельдің ашасын дереу ажыратып, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Ол өрттің шығуына себеп болады.



Тоңазытқыш құрылымын бөлшектеу, жөндеу немесе өзгеріс енгізу жұмысын тек білікті маман атқаруы қажет.



Тоңазытқышты тұрмыстық емес мақсатта (сынақ материалы ретінде, кеме ішінде т.б.) қолдануға тыйым салынады.

Ол өрт шығу, электр тогының соғу, ішіндегі азық-түліктің бұзылуы немесе химиялық реакцияның пайда болу қаупін тудырады.



Тоңазытқышты көдеге жарату кезінде есіктің тығындарын алып, сөрелерін орындарында қалдырған дұрыс.

Әйтпесе, кішкентай балалар ішінде қамалып қалуы мүмкін.




Тоңазытқышты қатты, тегіс еденге орнатыңыз.

Ол тоңазытқыштың құлауының немесе адам жарақатының алдын алады.



Тоңазытқыштың жанында жылытқыш аспаптарды пайдаланбаған жөн.

Ол өртке себеп болуы мүмкін.



Қолыңызды тоңазытқыштың астына сұқпаңыз.

Тоңазытқыштың астындағы темір тақтаға қолыңызды жарақаттап алуыңыз мүмкін.




Тоңазытқыштың пластмассадан жасалған бөлшектеріне май (оның ішінде сұйық май) тигізбеңіз.

Ол бөлшектердің зақымдалуына және бұзылуына себеп болады.



Тоңазытқышты тастағыңыз келсе, көдеге жарату қызметіне хабарласыңыз.

Хладагент пен оқшаулаушы газ көдеге жарату кезінде ерекше шараларды қолға алуды талап етеді. Көдеге жаратпас бұрын, тоңазытқыштың артқы жағындағы түтіктердің зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.



Мұздатқыш бөлімдегі азық-түліктер мен жәшіктерді су қолмен ұстамаңыз.

Қолыңызды үсітуі мүмкін.



Тоңазытқышты желіден өшірген соң, кемінде бес минуттан кейін қосқан дұрыс.

Әйтпесе, тоңазытқыш істен шығуы мүмкін.



Тоңазытқышты желіден шығару үшін желілік кабельді емес, ашаны ұстаңыз.

Ашаны розеткадан шығару үшін кабельді тартуэлектр тогының соғуына, қысқа тұйықталуға немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.



Тоңазытқыштың жанында жанғыш аэрозоль қолдануға болмайды.

Ол өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.



Ашаны розеткадан тазалық жұмыстарын жүргізгенде немесе тоңазытқыш ішіндегі шамды ауыстырғанда шығарған дұрыс.

Олай істемеген жағдайда, ол электр тогының соғуына немесе жарақаттануға себеп болады.



Электр тогының соғу және өртену қаупінің алдын алу үшін найзағай соққан кездері немесе ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын кезде тоңазытқышты өшіріп қойыңыз.



Тоңазытқыштың үстіне гүлсауыт, шынаяқ, косметика, дәрі-дәрмек немесе су құйылған ыдысты қоймаңыз.

Олар құлайтын болса, өрт шығуы, электр тогының соғуы немесе жарақат алуыңыз мүмкін.



Тоңазытқыштың есігін ашып, жапқанда тұрақсыз заттар төңкеріліп, құлауы және жарақаттауы мүмкін.

Есіктің қалтасында бөтелке және соған ұқсас ыдыстарды абайлап сақтаңыз.



Жылдам өшіру қажет болған жағдайлар үшін розетка қолжетімді жерде тұруы қажет.

Тоңазытқыштың бір есігі қатты жабылғанда, екінші есігі ашылып кетуі мүмкін, себебі тоңазытқыш камералары ауа өткізгіштермен байланысқан.



САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Қадағаланбаған жағдайда немесе жауапты адамдар тарапынан тоңазытқышты пайдалану туралы нұсқаулар алмаған жағдайда, физикалық, сезімталдық немесе ақыл-ес қабілеті төмен немесе тәжірибесі жоқ тұлғалардың (оның ішінде балалар) пайдалануына арналмаған. Балалардың тоңазытқышпен ойнамауы үшін, оларды бақылау қажет.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Өндірушінің ұсыныстарына сәйкес келмеген жағдайда, азық-түлікті сақтауға арналған бөлімдерінде электр құрылғыларын пайдаланбаңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Құрылғының корпусында немесе құрылымда орналасқан желдеткіш саңылауларын бекітпеңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Хладагент контурының зақымдалуына жол бермеңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Еру процесін тездету үшін өндіруші ұсынған механикалық құрылғылардан басқа құралдар қолданбаңыз.



САҚ БОЛЫҢЫЗ!

ТҰТАНУ ҚАУПІ БАР!

Изобутан (R600a) қоршаған орта үшін қауіпсіз, бірақ жанар газ болып табылады. Озон қабатын зақымдамайды.


Тоңазытқышты тасымалдау және орнату барысында тоңазытқыш пішінінің ешбір элементі зақымдалмауын қадағалау керек. Тоңазытқыш пішініндегі кему орын алған жағдайда газдардың өртенгіш қоспасының пайда болуына жол бермеу үшін құрылғы орнатылатын бөлменің көлемі минималды рұқсат етілген көлемнен үлкен болуы керек және қолданылған тоңазытқыш агентінің мөлшеріне тәуелді. R600a хладагентінің әрбір 8 грамына құрылғы орнатылған бөлменің кемінде 1 м³ келуі керек. Осы тоңазытқыш сұйықтығының ауадағы жарылғыш концентрация диапазонының төменгі шегі 1,8% құрайды. Қолданылатын тоңазытқыш сұйықтығының мөлшері тоңазыту бөлімінің ішіндегі жапсырмада көрсетілген.

Хладагенттің жылыстауының белгісімен мүмкін жеткіліксіз төмен температура тоназытқыш және мұздататын аулақтануларда.

Хладагенттің ағып кетуі белгісіне тоңазыту және мұздату бөлімдеріндегі төмен температураның жеткіліксіздігі жатады. Хладагенттің ағып кеткені анықталса, ашық жалын көздерін өшіріңіз, тұтануы мүмкін от көздерін пайдаланбаңыз, бөлмені бірнеше минут ішінде желдетіңіз. Тікелей тию кезіндегі тоңазытқыш пішінінің элементтерінен газдың ағуы көз бен терінің зақымдалуына және осы газдың тұтануына апарып соғуы мүмкін. Тоңазытқыш пішінінде кез келген зақым белгілері бар тоңазытқышты іске қосуға тыйым салынады. Күдіктеріңіз бар болса, сатушыға немесе өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Үлгі:

GA**379S*DA GA**409S*DA GA**389S**L GA**419S**L



*Барлық үлгілердің құрамына кірмейді

! ЕСКЕРТПЕ

Тоңазытқышта қандай да бір бөлшектер жоқ болса, олар басқа үлгінің құрамына кіруі мүмкін.

Өндіруші компания алдын ала ескертусіз тоңазытқыштың құрамына өзгеріс енгізуге құқылы.

КЛИМАТТЫҚ КЛАСС

Климаттық класс тоңазытқыш бөлімнің ішінде орналасқан техникалық сипаттамасы бар жапсырмада көрсетіледі. Тоңазытқышты белгіленген шектен асатын температурада қолдануға тыйым салынады. Климаттық класс тоңазытқышты пайдалану шарттарын анықтайды.

Класс	Белгісі	Қоршаған орта температураларының ауқымы, °C
Бірқалыпты жоғарылатылған диапазон	SN	+10 нан +32 -ге дейін
Бірқалыпты	N	+16 дан +32 -ге дейін
Субтропикалық	ST	+16 дан +38 -ге дейін
Тропикалық	T	+16 дан +43 -ке дейін


ОРНАТУ

- 1-суретте көрсетілгендей, шектеу тіректерін тоңазытқыштың артқы қабырғасының жоғарғы бұрышына орнатыңыз. Бөлшектері тоңазытқыш жинағымен бірге жеткізіледі.
- Тоңазытқыш бөлімдері бекітілмеген. Артқы және бүйір қабырғаның жоғарғы жағында ауа айналымы мен электр қуатын үнемдеу мақсатында кем дегенде 5 см бос кеңістік қалуы қажет.
- Тоңазытқышты жылу көздерінің жанына, тікелей күн сәулесі түсетін жерге немесе ылғалдығы жоғары жерге қоймаңыз.
- Тоңазытқыш үнемі жұмыс істеп тұратын құрылғы және сәйкесінше дыбыс шығарады. (17 бетте «тоңазытқыш жұмысының ерекшеліктері» бөлімін қараңыз) сондықтан да оны демалыс және ұйқы орындарында орнату ұсынылмайды.
- Нұсқаулықта көрсетілген электр тогының кернеуі үйіңіздің желілік параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

- Тоңазытқыштың бүйір жағын қабырғаға қартын орнату кезінде есіктің 90 градустан артық ашылу қажеттігін ескеріңіз, себебі сөрелер мен жәшіктерді шығару мүмкін болуы қажет.
- Тоңазытқыштың артқы жағындағы дөңгелек жапсырмаларды алмаңыз. Олар технологиялық тесіктерді жабу арқылы тоңазытқыш сәнін келтіріп тұрады.
- Тоңазытқыштың дірілдемеуі үшін, оның бір деңгейде тұрғандығын тексеріңіз. Қажет болған жағдайда, еденнің тегіс емес жерлерін толтыру үшін аяқтарын реттеңіз. Есіктің дұрыс жабылуы үшін тоңазытқыш сәл артқа шалқайып тұруы қажет. Реттелмелі аяқтарды бұрау үшін, тоңазытқышты аздап шалқайтыңыз. Тоңазытқыштың алдыңғы бөлігін көтеру үшін реттелмелі аяқтарды сағат тіліне қарсы (↺), ал төмен түсіру үшін сағат тілі бойынша (↻) бұраңыз.
- Қолданар алдында тоңазытқышты тазалап-жуыңыз. Силиконды жапсырманы жуып шаю керек емес, силиконды жапсырма- ол есікпен тоңазытқыштың арасындағы байланыс, сонымен қатар есіктің беткі жағын байланыстырады. Силиконды жапсырма есік арасындағы созылманың кедергіге ұшыраудан сақтайды.
- Мұз қалыбы сияқты алынбалы бөлшектерді өз орнына қойыңыз.
- Желілік кабель ашасын розеткаға тығыңыз. Ол розеткаға басқа құрылғыларды қоспаңыз.

ҚОСУ

Тоңазытқышты алғаш орнатқан кезде, оның ішінде жұмыс температурасының орнауы үшін 2-3 сағат қосылып тұрсын, содан кейін ғана ішіне азық-түлік салыңыз. Тоңазытқышты желіден өшірген соң, кемінде бес минуттан кейін қосқан дұрыс. Енді тоңазытқышты пайдалана берсеңіз болады.



Сурет 1. Шектеу тіректерін орнату



ЕСКЕРТПЕ


Шектеу тіректері тоңазытқыш жұмысының асқан тиімділігі үшін орнатылуы қажет.

БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

Сыртқы жарық диодты
(LED) дисплей



Ішкі дисплей



ТЕМПЕРАТУРАНЫ РЕТТЕУ

Тоңазыту және мұздату бөлімдерінің бастапқы температурасы 3 °C және -20 °C. Тиісті бөлім температурасын реттеу түймесін басу арқылы қалаған температураңызды орната аласыз.

Сыртқы жарық диодты дисплей



Ішкі жарық диодты дисплей

**! ЕСКЕРТПЕ**

Дисплейде көрсетілетін температура мақсатты температура болып табылады, себебі тоңазытқыш ішіндегі температура салынған азық-түліктің температурасы мен ашып-жабу жиілігі сияқты факторларға байланысты өзгеріп отырады.

Тоңазытқышты қосқаннан кейін ол белгіленген режимге 2-3 күннен кейін орнайды.

ЖЫЛДАМ МҰЗДАТУ

Азық-түлікті тез арада мұздату қажет болған жағдайда қолданылады.

«ЖЫЛДАМ МҰЗДАТУ/ЭКО-РЕЖИМ» (сыртқы дисплейде) түймесін немесе «ЖЫЛДАМ МҰЗДАТУ» (ішкі дисплейде) түймесін бір рет басыңыз.

«ЖЫЛДАМ МҰЗДАТУ» шамы жанып, жылдам мұздату бастайды.

Жылдам мұздату шамамен 24 сағат алады. Бұл операция аяқталғаннан кейін тоңазытқыш автоматты түрде алдыңғы күйге (бұдан бұрын орнатылған температура режиміне) ауысады.

Егер жылдам мұздату операциясын тоқтатқыңыз келсе (сыртқы дисплейдегі) «ЖЫЛДАМ МҰЗДАТУ/ЭКО-РЕЖИМ» түймесін тағы екі рет басыңыз, немесе ішкі дисплейдегі «ЖЫЛДАМ МҰЗДАТУ» түймесін бір рет басыңыз, шам өшеді және жылдам мұздату операциясы тоқтайды, тоңазытқыш алдыңғы күйге (бұдан бұрын орнатылған температуралық режимге) қайта оралады.

Сыртқы дисплейі



Ішкі дисплейі

**«ЭКО-РЕЖИМ»**

Сіз ұзақ сапарға кеткен жағдайда электр қуатын үнемдеуге мүмкіндік беретін режимді іске қосады. Ол электр қуатын тұтыну көрсеткішін азайтады.

«ЖЫЛДАМ МҰЗДАТУ/ЭКО-РЕЖИМ» (сыртқы дисплейде) түймесін екі рет немесе «ЖЫЛДАМ МҰЗДАТУ» (ішкі дисплейде) түймесін бір рет басыңыз. «ЭКО-РЕЖИМ» шамы жанады.

Бұл түймені қайта басатын болсаңыз функция өшеді.




«ЭКО-РЕЖИМ» қосу үшін, «ЖЫЛДАМ МҰЗДАТУ/ЭКО-РЕЖИМ» түймесін басыңыз. Түймені үшінші рет басқанда екі режим де өшеді және тоңазытқыш алдыңғы температуралық режимге оралады.



ЕСКЕРТПЕ

1. «ЭКО-РЕЖИМ» режимі қосылып тұрғанда басқа түймелер істемейді. Алдыңғы температуралық режимге қайту үшін «ЭКО-РЕЖИМ» түймесін басыңыз.
2. Электр қуатын үнемдеу мақсатында сыртқы дисплей электр қуатын үнемдеу режиміне өтеді – «БҰҒАТ» индикаторынан басқа шамдардың барлығы өшеді.



БҰҒАТ (жарық диодты дисплей бар үлгілер үшін)

- «БҰҒАТ» түймесі қосылып тұрғанда басқа түймелер істемейді.
- Тоңазытқыштың дисплейін бұғаттау/бұғаттан шығару, «БҰҒАТ» түймесін басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

Электр қуаты өшкен жағдайда режим реттеулері сақталады.

ТОЛЫҚ ЖАБЫЛМАҒАН ЕСІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ СИГНАЛЫ «ДЫБ.СИГНАЛ»


- Егер тоңазытқыштың есігі біршама уақыт (~ 1 мин) ашық тұрса, 30 секунд сайын қайталатын дыбыстық белгі іске қосылады.
- Толық жабылмаған есік туралы дыбыстық сигналды "ДЫБ.СИГНАЛ" түймесін қысқа уақытқа басу арқылы қосып, өшіруге болады.
- Есік толық жабылғаннан кейін де ескерту сигналы шығып тұратын болса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУ

Дисплейдің өзін-өзі тексеретін функциясы бар. Тоңазытқыш жұмысында ақаулық пайда болса, түймелер жұмыс істемей қалады және индикаторы ақаулық кодын көрсетіп тұрады. Ондай жағдайда, электр қуатынан ажыратпай, жақын жердегі қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Егер тоңазытқышты өшіріп тастасаңыз, қызмет көрсету инженері ақауы бар элементті анықтау үшін көп уақыт жұмсауы мүмкін.

АЛЫНБАЛЫ ӘЙНЕК СӨРЕНІ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ОРНАТУ

Сөрени тоңазытқыштан шығару үшін, алдымен сөреге қарама-қарсында орналасқан есік қалтасын шығарыңыз, содан кейін ақырын көтеріп, өзіңізге қарай тартыңыз.





Сөрелерді орнату үшін сол әрекеттерді кері ретпен орындаңыз.


ҚОЙМАЛЫҚ ӘЙНЕК СӨРЕ (барлық үлгіде болмайды)

Тоңазытқышқа бөтелке сияқты ұзын заттарды қою үшін:

- Сөрениң алдыңғы бөлігін көтеріп, артқы бөлігінің астына кіргізу қажет.





- Бұндай жағдайда сөрениң екі бөлігін де жоғары көтеруге болады, осылайша бос кеңістік арта түседі.



- Сөрени бастапқы орынға орналастыру үшін, оның екі бөлігін төмен түсіріп, содан кейін төменгі бөлігін өзіңізге тартуыңыз қажет.

СӨРЕНІ ТОҢАЗЫТҚЫШТАН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ:

- Сөрениң алдыңғы бөлігін көтеріп, артқы бөлігінің астына кіргізу
- Жақтаудан екі бөлігін де көтеріп, шығару
- Сөрениң жақтауын көтеріп, өзіңізге қарай тарту.




Сөрелерді тоңазытқышқа қайта орнату үшін сол әрекеттерді кері ретпен орындаңыз.


ТОҢАЗЫТҚЫШ БӨЛІМІНІҢ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЖӘШІГІН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ОРНАТУ

Тоңазытқыш бөлімінен төменгі жәшікті шығару үшін, келесі әрекеттерді орындау қажет:

- есіктің төменгі қалтасын жоғары көтеріп, шығарып алыңыз;
- жәшікті тірелгенше тартып, алдыңғы жағын сәл көтеріп, өзіңізге қарай тартыңыз;



- жәшік қақпағының алдыңғы жағын көтеріп, өзіңізге қарай тартып, шығарып алыңыз;



- жәшікті кері орнату кезінде сол әрекеттерді кері ретпен орындау қажет.

МҰЗДАТҚЫШ БӨЛІМІНІҢ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЖӘШІГІН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ОРНАТУ

Мұздатқыш бөлімінде көп азық-түлік сақтаған кезде, ортаңғы жәшікті құрылғыдан шығарып, өнімдерді төменгі жәшікке салынған азық-түліктің үстінде сақтауға болады.

Мұздатқыш бөлімінен кез келген жәшікті шығару үшін, келесі әрекеттерді орындау қажет:


- жәшікті тірелгенше шығару;
- алдыңғы жағын сәл көтеріп, өзіңізге қарай тарту.



Жәшіктерді тоңазытқыш бөліміне қайта орнату үшін, сол әрекеттерді кері ретпен орындау қажет:

- жәшікті 45° бұрышы бойынша бағыттаушыларға қойыңыз;
- жәшіктің алдыңғы жағын бағыттаушыларға параллель түсіріңіз;
- жәшікті тірелгенше ішіне кіргізіңіз.

Сондай-ақ, қисайып кетпеуін қадағалаңыз.



! ЕСКЕРТПЕ

1. Жәшіктер мен сөрелерді шығару кезінде қатты күш салмау қажет – бұл және олардың дұрыс емес шығарылуы немесе орнатылуы тоңазытқыштың ішкі бөліктерін зақымдауы мүмкін.
2. Кепілдік тоңазытқыштың сақтау, пайдалану және қызмет көрсету ережелерін бұзу, шамадан тыс физикалық күш қолданудан туындаған механикалық бүлінулерді қамтымайды (жарықтар, майысулар, ашу белгілері, т.б.)

МҰЗ ДАЙЫНДАУ

Мұз қалыбын сумен толтырыңыз және оны мұздатқыш бөліміне қойыңыз.

Мұз кесектерін тез дайындау қажет болса, Жылдам мұздату функциясын іске қосыңыз.

Мұз кесектерін шығарып алу үшін, қалыпты шеттерінен ұстап, сәл бұраңыз.



! КЕҢЕС

Мұз кесектерін оңай алу үшін, қалыпқа алдын-ала су құйыңыз.

АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ САҚТАУ

- Тоңазытқышта банан және қауын сияқты төмен температураларда тез бұзылатын азық-түлікті сақтамаған жөн.
- Тоңазытқышқа ыстық тағамдар мен сусындарды салудың алдында оларды бөлме температурасына дейін салқындатқан жөн.
- Ыстық тағамдар мен сусындар басқа өнімдердің бұзылуына себеп болуы мүмкін.
- Өнімдерді сақтаған кезде қапқағы бар ыдыстарды пайдаланыңыз. Бұл ылғалдың буланып кетуін болдырмай, өнімдердің дәмі мен нәрлілігін сақтауға көмектеседі.
- Тоңазытқыштың артқы қабырғасындағы, суық ауамен қамтамасыз ету үшін арналған тесіктерін жаппаңыз. Ауаның еркін айналымы камераның көлемі бойынша біркелкі температураны ұстап тұруға мүмкіндік береді. Тесікке жақын орналасқан азық-түлік төмен ауа температурасының әсерінен бұзылуы болуы мүмкін.
- Есіктерді жиі ашпаған дұрыс. Есіктерді ашқанда, ішіне жылы ауа кіріп, ауа температурасы көтеріледі.
- Тоңазытқыш есігін жабу мәселелерін болдырмау үшін, есік қалтасында көп азық-түлік сақтамаған жөн.
- Бұрын еріген өнімдерді тоңазытпаңыз. Бұл дәмі мен пайдалы қасиеттерінің жоғалуына алып келеді.
- Тоңазытқышта фармацевтикалық өнімдерді, ғылыми зерттеу материалдарын және температуралық режимнің қатаң орындалуын қажет ететін басқа өнімдерді сақтамаңыз.
- Егер балғын өнімдерді тез мұздату қажет болса, оларды тоңазытқыш бөлімінің төменгі жылжымалы жәшігіне салып, Жылдам мұздату режимін іске қосыңыз.
- Мұздатылған азық-түлікті тоңазытқыш бөлімінде қаптамада (полиэтиленді пленка, алюминий жұқалтырда) сақтау қажет.
- Бөтелкелерді мұздақыш бөлімінде сақтамаңыз – олар мұздаған кезде жарылуы мүмкін.
- Мұздату бөлімінің жоғарғы жәшігінің көлемі «екі жұлдызша» бөлімі болып табылады. Бұл бөлімдегі температура -12 градустан төмен түспейді. Мұны өнімдерді сақтау кезінде есепке алу қажет.

ТАЗАЛАУ

1. Тазалау алдында электр қуатының өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
2. Тоңазытқыштың ішін және сыртын жууға арналған сұйықтығы бар жылы суға дымдалған таза шүберекпен жуу қажет. Содан кейін құрғақ шүберекпен құрғатыңыз.
3. Тазалаудан кейін, желілік сымның зақымдалмағанын тексеріңіз. Содан кейін айырды розеткаға тығыз салыңыз.



САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Тоңазытқыш бетін зақымдай алатын абразивті заттармен, бензин, бензол, еріткіш, хлоридрат, ыстық су, қатты қылшақ және т.б. пайдалануға тыйым салынады.

ІСКЕ ҚОСУ АЛДЫНДА:

- Тоңазытқыштың тасымалдануы суық күндері орындалса, тоңазытқышты жылы бөлмеде қаптамадан шығарып, кемінде 12 сағат іске қоспаңыз.



САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрғанда, оның орнын ауыстырмаңыз немесе еңкейтпеңіз. Компрессорда шуыл пайда болуы мүмкін. Бұл ерекшелік компьютердің жұмысқа қабілеттілігіне әсер етпейді.

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

ҚУАТ КӨЗІНІҢ АЖЫРАУЫ:

- Қуат көзіндегі 1-2 сағаттық үзіліс сақталатын өнімдерге зиян келтірмейді. Осы уақытта тоңазытқыш есіктерін сирек ашуға тырысыңыз.

КӨШУ КЕЗІНДЕ:

- тоңазытқыштан барлық азық-түлік пен басқа заттарды шығарыңыз. Ішкі алынатын бөліктерді берік бекітіңіз (сөрелер, жәшіктер, есік қалталары);
- еден мен тоңазытқыштың реттелетін аяқтарын зақымдамау үшін, тасымалдау алдында оларды сағат тіліне қарсы бұраңыз;
- тасымалдау барысында машина ішінде соғылу мен құлауды болдырмау үшін, тоңазытқышты машинада берік бекіту қажет;
- тоңазытқышты тік күйде, жабық көлікте тасымалдау қажет. Тасымалдау кезінде зауыттық қаптама зақымдалмауы тиіс;
- жүктеу және түсіру кезінде тоңазытқышты соққылардан қорғау қажет.

ТОҢАЗЫТҚЫШ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тоңазытқыш құрамдас бөліктерінің температуралық деформацияларының нәтижесінде, шыртылдау естілуі мүмкін. Терморегулятор және компрессордың өшуіне тән дыбыстар құрылғы электр жабдығының жұмысы барысында пайда болатын қалыпты дыбыстар болып табылады. Салқындату жүйесінің ішінде айналып таралатын хладагент, компрессор жұмыс істемесе де бүлкілдеуі мүмкін. Алаң болмаңыз, бұл қалыпты жағдай. Тоңазытқыштың жұмысы барысында келесілер естілуі мүмкін:

- компрессор жұмысының дыбысы;
- желдеткіш қанатшаларының дыбысы;
- NO FROST ауа салқындату жүйесі ағынының дыбысы;
- реленің қосылу дыбысы;
- ауа желісінің ашылу және жабылу кезіндегі ызыл.


- тоңазытқыш жүйесінің құбырлары бойынша айналатын хладагент шуылы;

- материалдардың температуралық деформациясы кезіндегі шыртылдау.

Аталған дыбыстардың ақауға қатысы жоқ және олар функционалды сипатқа ие.

КОНДЕНСАТҚА ҚАРСЫ ТҮТІК:

- ылғалдың конденсациясын болдырмау үшін, конденсатқа қарсы түтік мұздатқыш бөлімшесінің алдыңғы жағының айналасындағы корпус ішіне салынған;
- осы жерде корпус, әсіресе, алғашқы іске қосудан кейін немесе қоршаған ортаның жоғары температурасы кезінде қатты қызуы мүмкін.

**ЕСІКТЕРДІ ҚАЙТА ІЛУ**

Тоңазытқыш ас үйіңізге байланысты оң және сол жаққа ашылатындай етіп жобаланған.

**ЕСКЕРТПЕ**

Есіктерді қайта ілу қажет болса, қызмет көрсету маманын шақырған жөн. Кепілдік міндеттемелері есіктерді қайта ілуді қамтымайды.


ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛДАР:

- 10 мм және 6 мм сомын кілті;
- 5 мм алты бұрышты кілт;
- айқыш, тегіс бұрағыш.

**САҚ БОЛЫҢЫЗ!**


1. Тоңазытқыш есіктерді қайта ілу алдында желілік шнурды ажыратыңыз және тоңазытқышты азық-түліктен босатыңыз, бекітілмеген аксессуарлар – сөрелер мен жәшіктерді шығарыңыз.
2. Тоңазытқышты жерге жатқызып қоймаңыз.
3. Абай болыңыз және бөлшектеу немесе жинау барысында есікті құлатпаңыз.

Ілмек (1) қаппағын алыңыз және байланыс кабелін (5) өшіріңіз (тек сыртқы түрдегі дисплейі бар үлгілер үшін). Жоғарғы ілмекті (4) бекітетін бұрандаларды (3) бұрып алыңыз, есікті ортаңғы ілмектен (17) абайлап шешіп алыңыз. Бөтеуішті (8) алыңыз.




Есіктің үстіңгі қаппағын (7) алыңыз (тек сыртқы түрдегі дисплейі бар үлгілер үшін), кабельді (5) тартып алыңыз және оны есіктің қарама-қарсы жағындағы саңылауға орнатыңыз. Есіктің жоғарғы қаппағын (7) орнына орнатыңыз.


Тоңазытқыш бөлімінің есігінен (A) пластикалық төлкені (6) шығарып алыңыз. Тоңазытқыштың астында орналасқан бұранданы (10) бұрап алыңыз және есік тірегі (9) қарама-қарсы жағына ауыстырыңыз. Бұранданы (10) бұраңыз. Пластикалық втулкаларды (6) және (14) (тек ішкі түрдегі дисплейі бар үлгілер үшін) қарама-қарсы жағына ауыстырыңыз.




(Тек сыртқы түрдегі дисплейі бар үлгілер үшін). Тегіс бұрағыш арқылы алдыңғы панельден (11) қалқапшаларды (12) алыңыз, бұрандаларды (13) бұрап алыңыз, панельді (11) алыңыз, кабельді (15) қарама-қарсы жағына ауыстырыңыз. Панельді (11) орнына орнату үшін, бұрандаларды (13) бұрап кіргізіңіз және бастарын қалқапшалармен (12) жабыңыз.




Ортаңғы ілмектің (17) болттарын (16) 5 мм алты бұрышты кілтпен бұрап алыңыз, ортаңғы ілмекті шешіп алыңыз және тоңазытқыш бөлімінің есігін (B) шешіп алу үшін, есікті сәл көтеріңіз. Бітеуішті (18) алыңыз және оны алынған ортаңғы ілмектің орнына орнатыңыз.




Төменгі ілмектің (20) осін (19) сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, алыңыз және қарама-қарсы саңылауға бұрап кіргізіңіз. Төменгі ілмекті бекітетін болттарды (21) және тоңазытқыш корпусындағы болтты (22) бұрап алыңыз. Тоңазытқыш бөлімі есігінің топсасын (23) бекітетін есіктің төменгі жағындағы бұrandаны (10) бұрап алыңыз. Жоғарғы қалпақшаны (24) қарама-қарсы жағына ауыстырыңыз. Қорғаныс жапсырмасын (25) алыңыз және оны қарама-қарсы жағындағы саңылауға жапсырыңыз.



Есіктің төменгі жағындағы, мұздатқыш бөлімі есігіндегі тіректі (9) бекітетін бұrandаны (10) бұрап алыңыз, тіректі (9) қарама-қарсы жағындағы арнайы орынға ауыстырыңыз және бекітіңіз. Топсаны (23) қарама қарсы жағындағы арнайы орнына қайта іліңіз және бекітіңіз.



Шешіп алынған төменгі ілмекті (20) корпусың қарама-қарсы жағындағы саңылауларға қойыңыз және оны болттармен (21) бекітіңіз. Болтты (22) корпусқа қарама-қарсы жағынан бұрап кіргізіңіз. Мұздатқыш бөлімінің есігін төменгі ілмек осіне орнатыңыз. Алынған ортаңғы ілмекті (17) осін сыртқа қаратып бұрыңыз және болттармен (16) бекітіңіз (есікті қырнап алмау үшін, болттарды абайлап бекіту қажет).



Тоңазытқыш камерасының есігін есіктің төменгі жағындағы саңылау мен ортаңғы ілмек осін (17) қиыстыру арқылы орнатыңыз. Ості тоңазытқыш бөлімі есігінің сәйкес жоғарғы саңылауына қойып, жоғарғы ілмекті (26) орнатыңыз. Кабель коннекторларын (5) қосыңыз (тек сыртқы түрдегі дисплейі бар үлгілер үшін). Жоғарғы ілмегін (26) болттардың (3) көмегімен бекітіңіз. Жоғарғы ілмектің (27) сол жақ қақпағын орнатыңыз. Бітеуішті (28) орнатыңыз. (26), (27), (28) бөлшектері тоңазытқыш жинағымен бірге жеткізіледі.

SmartDiagnosis™ (мобильдік тексеру) (барлық үлгілерде емес)

Бұл функцияны тек Клиенттерге қолдау көрсету орталығының ұсынысы бойынша пайдаланыңыз (телефон нөмірі кепілдік талонында көрсетілген).

Қызмет көрсету орталығына дерек жіберу кезіндегі дыбыс факс жұмысының дыбысына ұқсас.

! ЕСКЕРТПЕ

Тоңазытқыш желіге қосылмаса, SmartDiagnosis™ (мобильді диагностика) функциясын пайдалану мүмкін емес. Бұл жағдайда, ақаулықтарды SmartDiagnosis™ пайдаланусыз жою қажет.

Тоңазытқышта ақаулықтар пайда болса, Клиенттерге қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз және маманның нұсқауларын мұқият, дұрыс ретпен орындаңыз:

1. SmartDiagnosis режимін іске қосу:

- Есікті ашыңыз, «Жарық диодты (LED) дисплейді құлыптан босату түймесі/дұрыс жабылмаған есік ескерту сигналы» түймесін басып, құлыптау іске қосылғанша 3 секунд ұстап тұрыңыз, содан кейін «Мұздатқыш бөліміндегі температураны реттеу» түймесін 3 секунд басып, ұстап тұрыңыз.

Сыртқы дисплей




- Ішкі жарық диодты бейнебет үшін. Есікті ашыңыз да, «МОРОЗ. КАМ.» түймешігін басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

Ішкі дисплейі



3 сек

2. Оператор нұсқаулары бойынша телефон микрофонын «SmartDiagnosis» белгішесіне барынша жақын апарыңыз. Телефонды осы күйде дыбыстық сигналдардың жіберілуі аяқталмағанша ұстап тұрыңыз.



! ЕСКЕРТПЕ

Нәтижелер дәл болуы үшін, дыбыс сигналдарын жіберу кезінде телефонды жылжытпауға тырысыңыз.

3. Қолдау көрсету орталығының операторы алынған нәтижелерді бұрмаланған немесе толық емес деп есептесе, сізден деректерді жіберу процесін қайталауды сұрауы мүмкін.
4. Дерек беру үдерісін тоқтатып, SmartDiagnosis™ жұмысын аяқтау үшін «БЛОКИРОВКА» (бұғаттау) және «Регулировка температуры в морозильном отделении» (Мұздатқыш бөлімшедегі температураны реттеу) (сыртқы жарық диодты бейнебет) түймешіктерін басыңыз, ішкі бейнебет үшін «МОРОЗ. КАМ.» түймешігін басыңыз.
5. Дыбыстық сигналдардың жіберілуі аяқталған кезде, алынған ақпаратты техникалық орталыққа талдауға жіберетін оператормен сөйлесуді жалғастыра аласыз.

Жөндеу қызметіне қоңырау шалу алдында, осы бөлімді оқып шығыңыз немесе клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. Бұл қаражатыңыз бен уақытыңызды үнемдеуге көмектеседі. Төмендегі тізім төмен сапалы жинау немесе құрылғыда пайдаланылған сапасыз материалдар нәтижесі болып табылмайтын кең тараған жағдайларды қамтиды.

АҚАУЛЫҚТАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕР
Электр желісіне қосылған тоңазытқыш жұмыс істемейді	• Айыр мен розетка арасында байланыс жоқ. Кернеудің бар-жоғын тексеру. Айыр мен розетка арасындағы байланысты қамтамасыз ету. 5-беттегі «Қуат көзіне қосу кезінде» бөлімін қараңыз. • Ішкі жарықтандыру жоқ. Айырдың розеткаға тығыз енгізілгенін тексеру қажет. Жарық диодты шам жанбаса, сатушымен немесе өкілетті қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз. • Қуат көзіндегі іркіліс. Үйде жарықтың бар-жоғын тексеру.
Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурсы тым төмен	• Тоңазытқыш жылу көзіне тым жақын орналасқан. «Орнату» бөлімін қараңыз. • Тоңазытқыш есіктері жиі ашылады немесе ұзақ уақыт бойы ашық қалдырады. • Бөлімдер есіктері тығыз жабылмайды. «Ақаулықтарды табу және жою» бөлімін қараңыз (Есік тығыз жабылмайды).
Вибрация немесе дүрілдеу немесе ерсі шулар	• Тоңазытқыш еденде берік тұрған жоқ. Оның күйін реттелетін аяқтары арқылы реттеңіз. «Орнату» бөлімін қараңыз. • Тоңазытқыш айналасындағы заттарға тиеді. «Орнату» бөлімін қараңыз.
Қырау немесе мұз	• Есіктер тығыз жабылмады немесе өнімдер есіктің жабылуына кедергі келтіреді. «Азық-түлікті сақтау» бөлімін қараңыз. • Есіктер тым жиі және ұзақ ашылады. • Азық-түлік контейнеріндегі қырау – қалыпты құбылыс.
Есік тығыз жабылмайды	• Азық-түлік есікті жабуға кедергі келтіреді. Есікті жабуға кедергі жасайтын азық-түліктерді жылжытыңыз. «Азық-түлікті сақтау» бөлімін қараңыз. • Тоңазытқыш тегістелмеді. Реттелетін аяқтарын бұраңыз. Тоңазытқыш орнатылған жер тегіс болмауы мүмкін. Реттелетін аяқтарының көмегімен тоңазытқыштың алдыңғы жағын сәл көтеріңіз. «Орнату» бөлімін қараңыз. • Есік тығыздауышының ластануы. Резеңке тығыздауыштан қоқысты бидай шүберекпен абайлап алыңыз. • Ескітердің дұрыс қайта ілінбеуі. «Есіктерді қайта ілу» бөлімін қараңыз.
Корпустың бетінде ылғалдың пайда болуы	• Жылдам мұздату функциясы іске қосылды. «Пайдалану» (Жылдам мұздату) бөлімін қараңыз. • Тоңазытқыш жылу көзіне жақын орналасқан. «Орнату» бөлімін қараңыз. • Тоңазытқыш есіктері жиі ашылады немесе ұзақ уақыт бойы ашық қалдырады. • Ыстық өнімдерді сақтау. «Азық-түлікті сақтау» бөлімін қараңыз. • Бөлімдер есіктері тығыз жабылмайды. «Ақаулықтарды табу және жою» бөлімін қараңыз (Есік тығыз жабылмайды).

АҚАУЛЫҚ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕРІ
Ішінде ылғал жиналады	• Бұл ылғалдығы жоғары бөлмелерде орын алуы мүмкін. Ылғалды таза шүберекпен сүртіңіз.
Өшірілмейді	• Есіктер тым жиі және ұзақ ашылады. • Ылғал ауа жағдайында ылғал ауамен бірге ішіне кіреді.
Ішкішамы жанбайды	• Тоңазытқышқа дұрыс күтім жасау, ашық күйінде иіске ие азық-түлікті сақтау. «Азық-түлікті сақтау» бөлімін қараңыз. • Есік толық жабылмайды. • Бұзылған өнімдердің бар-жоғын тексеріңіз. • Тоңазытқыштың ішкі беттерін жуу қажет. «Тазалау» бөлімін қараңыз.



ЕСКЕРТПЕ

Тоңазытқышқа қызмет көрсету және пайдалану туралы толық мәліметті LG компаниясының ресми сайтындағы «Сұрақтар мен жауаптар» бөлімінен таба аласыз (www.lg.com/kz/support/product-help).

КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз.

КЕПІЛДІК КЕЛЕСІЛЕРДІ ҚАМТЫМАЙДЫ:

- пайдалану нұсқаулығында сипатталған тауарды пайдалану, сақтау немесе тасымалдау ережелерін бұзу нәтижесінде орын алған тұтынушы шағымдары;
- еңсерілмейтін күш әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.) жағдайында;
- рұқсаты жоқ тұлғалар тарапынан жөндеу немесе өндіруші рұқсат етпеген құрылымдық немесе смета-техникалық өзгерістерді енгізу кезінде;
- Қуат желілерінің Мемлекеттік техникалық стандарттар (ГОСТ) мен нормаларына сәйкес болмаған жағдайда;
- өнімді қате орнату және қосу жағдайында;
- өнімді кәсіпкерлік қызмет үшін пайдалану.

ЕСКІ ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

1. Бұл осы үсті сызылған шелек таңбасы қоқыс электр және электрондық өнімдер (WEEE) қалалық қоқыс жүйесінен бөлек жойылуы керектігін білдіреді.
2. Ескі электр құрылғыларында зиянды заттар болады, сондықтан ескі құрылғыны тиісті түрде қоқысқа тастау қоршаған орта мен адам денсаулығына тиімі мүмкін кері әсерлердің алдын алуға көмектеседі. Ескі құрылғыңызда басқа өнімдерді және шектеулі ресурстарды сақтау қайта өңделетін маңызды материалдарды жөндеу үшін қолданылатын қайта қолданбалы бөлшектер болуы мүмкін.
3. Құрылғыңызды өнімді сатып алған дүкенге апаруға немесе жақын жердегі өкілетті WEEE жинау нүктесі туралы мәліметтер үшін жергілікті басқару мекемесіне хабарласуға болады. Еліңіз үшін ең соңғы ақпаратты алу үшін www.lg.com/global/recycling веб-сайтын қараңыз.





LG өнімі сертификатталған. Біздің құралдарды сертификация ақпаратын, сертификат нөмірі мәліметін, қолдану мерзімі және қолдану мерзімі жайлы ақпараттырын клиент қолдау қызметінде алуыңызға болады.

Өндіруші: «ЛГ Электроникс РУС» ЖШҚ
Мекенжай: Ресей, 143160, Мәскеу облысы,
Рузский ауданы, Дороховское кенті Минск
тасжолы, 86 км., 9-үй.

8-800-200-76-76

РЕСЕЙ

8-820-0071-11-11

БЕЛАРУСЬ

8-8000-805-805

ҚАЗАҚСТАН

2255 (ұтқырдан GSM)

0-800-303-000

УКРАИНА

00-800-0071-0005

МОЛДОВА

(ғана стационарлық телефон үшін)

0-800-805-8050

ҚЫРҒЫЗСТАН

LG клиенттерге қолдау көрсету қызметі